# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1283 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 ақпан N 289

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында, мемлекеттік басқару органдарының ұйымдық құрылымы мен қызметкерлері құрамының өзгеруін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстан Республикасымен делимитациялау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметтік комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1283 P991283_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен келісе отырып, мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі жұмысқа мамандар мен сарапшылардың қажетті санын тартсын;

2) мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін әрбір күнтізбелік жылға арналған шығыстар сметасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне тапсырсын";

2) 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігіне ( бұдан әрі - Агенттік) геодезиялық, гидрографиялық және топографиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен карта материалдарын, мемлекеттік шекараны делимитациялаудың қорытындылары жөніндегі басқа да құжаттарды әзірлеу мен басып шығару жөніндегі міндеттер жүктелсін.

Мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі жұмыстардың барлық кешені Комиссия (Делегация) бекіткен жоспарлар мен техникалық талаптар бойынша орындалсын";

3) 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті және тиісті қалалар мен облыстардың әкімдері Астана, Алматы қалаларында және Қазақстан Республикасының аумағында басқа да елді мекендерде келіссөздер, консультациялар мен кездесулер өткізу кезінде

тұратын және жұмыс істейтін үй-жайлар, автокөлік беруді, протоколдық іс-шараларды ұйымдастыруды және дәрігерлік қызмет көрсетуді, үкіметтік делегациялар мен олардың жұмыс топтары мүшелерінің жеке басылық қауіпсіздігін, сондай-ақ мүлік пен құжатқа, оның ішінде кедендік шекарадан өткен кезде қол сұғылмаушылықты қоса алғанда, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы делегацияларының жұмыс істеуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін .

Келіссөздерді жүргізу мен Қазақстан Республикасының аумағында шекараны делимитациялау жөніндегі жұмыстарды жасау кезінде олардың тіркелулерін жүзеге асыру мен кедергісіз жүріп-тұрулары жөнінен жәрдем көрсетілсін";

4) мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстан Республикасымен шекараласатын облыстарының әкімдеріне жергілікті бюджеттерді әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялауға

қаражат көздеу ұсынылсын";

5) көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 24 ақпандағы
N 289 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 1 қыркүйектегі
N 1283 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстан Республикасымен мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметтік комиссиясының құрамы

| | |
|---|---|
| Тоқаев Қасымжомарт Кемелұлы | Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға |
| Ыдырысов Ерлан Әбілфайызұлы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, төрағаның бірінші орынбасары |
| Ахметов Әділ Құрманжанұлы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-министрі, төрағаның орынбасары |
| Оспанов Бақыт Сағындықұлы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің төрағасы, төрағаның орынбасары |
| Берқалиев Құсайын Иманғалиұлы | Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық қызметі директорының бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) |
| Досанов Бақыт Мұхамеджанұлы | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Әкімшілік департаменті Шарт-құқық басқармасының мемлекеттік шекара бөлімінің кеңесшісі, жауапты хатшы |
| Отто Иван Иванович | Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі |
| Жұмабаев Бейбіт Тейнелұлы | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының орынбасары |
| Аманжолова Зүлфия Алтайқызы | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Әкімшілік департаменті директорының орынбасары - Шарт-құқық басқармасының бастығы |
| Нұрбаев Орман Кәрімұлы | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ТМД департаментінің ТМД-дағы көп жақты ынтымақтастық басқармасының бастығы |
| Тұрарбеков Биғали | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер |

Шәріпқалиұлы министрінің кеңесшісі, сарапшылар тобының жетекшісі

Қобландин Қалыбек Ибрагимұлы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ТМД департаментінің ТМД-дағы екі жақты ынтымақтастық басқармасының Орталық Азия мен Закавказье бөлімінің бастығы

Балғабаев Рысдәулет Жайлаубекұлы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің офицері (келісім бойынша)

Ғабдуллин Мәрлен Жәнібекұлы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің офицері (келісім бойынша)

Жабағиев Асқар Әлиасқарұлы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің офицері (келісім бойынша)

Құсайынов Рысқали Мүптиқазыұлы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің офицері (келісім бойынша)

Проничев Сергей Егорович Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің басқарма бастығы (келісім бойынша)

Қосжанова Жанаргүл Тоғызбайқызы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңдар және халықаралық құқық департаменті басқарма бастығының орынбасары

Жампейісов Аманкелді Сүйінбайұлы Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары

Әлібеков Шәміл Иманұлы Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Алматы

республикалық мемлекеттік қазыналық
"Инжгеодезия" инженерлік-геодезиялық
зерттеулер кәсіпорны директорының орынбасары

| | |
|---|---|
| Тименко Петр Григорьевич | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Алматы республикалық мемлекеттік қазыналық "Инжгеодезия" инженерлік-геодезиялық зерттеулер кәсіпорнының бас инженері |
| Кириллов Сергей Владимирович | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Алматы республикалық мемлекеттік қазыналық "Инжгеодезия" инженерлік-геодезиялық зерттеулер кәсіпорнының демаркация қызметінің бастығы |
| Пащенко Андрей Викторович | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Алматы республикалық мемлекеттік қазыналық "Инжгеодезия" инженерлік-геодезиялық зерттеулер кәсіпорнының жоғары санаттағы картографы |
| Сағындықова Марал Жәнәбілқызы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі геодезия, картография және геоақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы |
| Савченко Александр Гиоргиевич | Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары |
| Әшімов Нұрғали Сәдуақасұлы | Қостанай облысы әкімінің орынбасары |
| Қожағапанов Тохтархан Жұманұлы | Алматы облысы әкімінің орынбасары |
| Мақашев Нүрпейіс | Атырау облысы әкімінің орынбасары |

Мақашұлы

| | |
|---|---|
| Сейітжапаров Нұрлан Сейітқұлұлы | Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары |
| Төребаев Шахизад Хамитұлы | Қызылорда облысы әкімінің орынбасары |
| Кошевой Александр Иванович | Павлодар облысы әкімінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Павлодар облыстық комитетінің төрағасы |
| Әкімқанов Халел Қайроллаұлы | Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы |
| Райымбеков Қаналбек Өтжанұлы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Мемлекеттік жер инспекциясының бастығы |
| Дикаев Мереке Қасымұлы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Қостанай облыстық комитетінің төрағасы |
| Жмыхов Анатолий Александрович | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Атырау облыстық комитетінің төрағасы |
| Жекеев Мәлік Наурызғалиұлы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Ақтөбе облыстық комитетінің төрағасы |
| Захаревский Вадим Никифорович | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Маңғыстау облыстық комитетінің төрағасы |
| Камалатдин Аббас Камалатдинұлы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Қызылорда облыстық комитетінің төрағасы |

| | |
|---|---|
| Құнанбаев Сапарбек Құнанбайұлы | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің төрағасы |
| Мордасов Николай Павлович | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Батыс Қазақстан облыстық комитетінің төрағасы |
| Ремша Александр Кузьмич | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Жамбыл облыстық комитетінің төрағасы |
| Церклевич Анатолий Викторович | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің төрағасы |
| Соловьев Владимир Васильевич | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің төрағасы |
| Дүйсенбеков Зайролла Дүйсенбекұлы | Жерге орналастырудың мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры |
| Жолаев Бөлекбай Жаулыұлы | "Ақтөбегеодезия" Ақтөбе картографиялық - геодезиялық қазыналық кәсіпорнының директоры |
| Оспанов Секен Райымжанұлы | "Жамбылгеодезия" Жамбыл қазыналық кәсіпорнының директоры |
| Уахитов Болатхан Зектайұлы | "Көкшетаугеодезия" Көкшетау картографиялық - геодезиялық қазыналық кәсіпорнының директоры |
| Сейбағытов Даржок | Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы |
| Таутескенов Ерсен Тілеубайұлы | "Картография" картографиялық қазыналық кәсіпорнының карта цехының бастығы |
| Золотарев Анатолий | Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын |

| | |
|---|---|
| Никитович | басқару жөніндегі агенттігі Павлодар облыстық комитетінің бас маманы |
| Жүсіпов Марат Қалымжанұлы | "Жамбылгеодезия" Жамбыл қазыналық кәсіпорнының инженер-геодезисі |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК